

ӘОЖ 23-157(540) К31.

\*М. Құрманғазықызы<sup>1</sup>, Д.М. Көкеева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*E-mail: kurmangazykyzy89@mail.ru

### Сопылық сарынның мистикаға тигізген ықпалы (Үндістан мысалында)

Бұл мақалада сопылықтың Үндістандағы орны және оның Үндістанның мистикалық өміріне тигізген ықпалы талданған. Басты назар ортағасырда өмір сүрген ордендер мен сопы ақындарға аударылған. Сопылық тақырыбы үнді әдебиетіндегі тарихи кезеңдерді бір-бірімен жалғастырушы болып, рухани құндылықтар үрдісінің негізін құрайды. Себебі үнді әдебиетінің сопылық тақырыбын зерттеу мәселесінің зәрулігін белгілейді. Ислам дүниесімен байланысты туған сопылық атты ағым үнді дүниетанымын тануға жетелейтін бір арна болғандықтан, оның үнді дүниетанымындағы орны, тарихи ахуалдары, үнділердің рухани өміріне тигізген әсеріне, сопылық ілімнің орта ғасырда өмір сүрген ақындардың шығармаларында көрініс табуына баса назар аударылады.

**Түйін сөздер:** мистицизм, фәлсапа, ортағасыр, бауырластық, ислам, шайқы.

М. Курманғазықызы, Д.М. Көкеева

#### Влияние суфизма на мистику (на примере Индии)

В этой статье рассматривается место суфизма в Индии и ее влияние, которое касалось мистической жизни Индии. Главное внимание обращается на орден и суфий. Тема суфизма продолжает исторический период в литературе, который составляет духовную основу тенденции ценностей. Вопрос исследования темы суфизма литературы очень необходим, так как суфизм – течение которое познает мировоззрение Индии, в статье главное внимание уделяется его месту в мировоззрении, историческому положению, духовной жизни индусов, его отражению в произведениях суфиев, которые жили в средние века.

**Ключевые слова:** мистицизм, философия, средневековья, ислам, шейх.

M. Kurmangazykyzy, D.M. Kokeyeva

#### Sufi influence on mysticism (in the case of India)

This article discusses the place of Sufism in India and its impact, which concerned the mystical life of India. The main attention is drawn to the orders, and Sufi. Sufi theme continues the historical period in the literature, which is the spiritual basis of the trend values. Because the issue is much needed research topics Sufi literature. Since Sufism during the worldview that recognizes India, the article focuses on its place in the worldview, the historical situation, the spiritual life of the Hindus, reflected in the works of Sufi who lived in the middle Ages.

**Keywords:** mysticism, philosophy, medieval, Islam, sheikh.

Сопылықтың Үндістанның мистикалық өміріне тигізген ықпалының зор болғаны соншалық, ғалымдар анықтағанындай, ежелгі индуизмнің мұрагері деп саналып келген кейбір мектептер шынтуайтуында сопылық ілімнің әсерімен құрылған. Сопылар үшін бұл тарихи дәйектің маңызды еместігі сондай, мистикалық ағым (және оның көздері) іштей біртұтас болып табылады.

Ислами мистицизмнің діни-философиялық ойының және оған байланысты сопылық поэзияның түрлі аспектілері шетелдік ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Сопылық поэзияның дүниежүзілік маңызы Р. Никольсон, Л. Корбен, Л. Массиньон, Х. Риттер, Дж.С. Тримингэма, Д. Читтик, А. Шиммель, С.Х. Насра және басқа ғалымдардың еңбектерінде көрсетілген.

Үнділік-мұсылмандық ғалымдармен сопылық тәжірибе туралы бірнеше теоретикалық жұмыстар жазылды, ал осы саладағы кейбір тамаша еңбектер моңғол кезеңінде санскрит тілінен парсы тіліне аударылған.

Қиыр Шығыс мистицизмнің ішкі аспектілерінің айырмашылығына қарап адамдар олар қандай жағдайда туындаған болса, сол мәдениеттің тәуелсіз өнімдері болып көрінеді деп есептеуге мәжбүр болады. Өмірге мұндай көзқарас тек жалғыз ақиқат бар, оны ұғынғандар толық оқшауланып қалмай, қарым-қатынас жасауы керек деп сенетіндер үшін тиімді. 1000 жылдан астам уақыттан бұрын Үндістанда индуистен шыққан түрлі мектептерде көктеуі тиіс тұқым себілген болатын. Бхакти типіндегі махаббат мистицизмін мысалға алуымызға болады. Доктор Тара Гханд «Үндістан мәдениетінің тарихында» былай дейді: «Оңтүстік-үнділік ойдың кейбір ерекшеліктері тоғызыншы ғасырдан бастап және одан кейінірек исламның ықпалы болғанын анық дәлелдейді [6]. Монотеизмге бейімділіктің артуы ойға алынады, эмоционалдық табыну, өзін басқа адамның еркіне бағындыру (парпатги), ұстазды құрметтеу (гуру бхакти), сондай-ақ қозғалмайтын касталық жүйеге мән бермеу және кәдімгі салт жораларына немқұрайдылық, ... ұстазға деген махаббат арқылы Құдайға табыну...Орта ғасырдағы индуизм сопылық концепцияны ұстазды құдай деп таныған».

Үнділік ғибадаттың көбінде құдай деп танытын ұстаздардың рөлі бастапқы сопылық мәнін

жоғалтты, кейінгі үнділік мектептерге қосылған сопылық емес ілімге басымдық берілгендіктен өзгерістерге ұшырады. Дәл осы дін көбіне Шығыстан өміршең рухани әрекетті табуға талпынатын және көбіне өзін сопылық мектептердің кәдімгі тармақтарымен байланыстыратын, индуизмнің ішкі тартымды жақтарын пайдаланатын батыстық іздеушілерді таңғалдырады. Осы сопылық ұстаздар бұл мектептердің өз негізі бола тұрса да, нәтижесінде олардың мистицизмнің ұлы үнділік мектебі атануына басты себепші болды. Август Барт өзінің "Религия Индия" атты кітабында Үндістандағы сопылардың қызметінің географиялық және хронологиялық шеңбері арасындағы байланысты және кейінірек ежелгі үнділік мистицизм жолын ұстаушылардың мектебі саналуын ерекше атап өтеді: «Дәл осы кезеңде (IX–XII ғғ.) Шанкардың есімімен байланысты ұлы діни қозғалыстар пайда болды (Веданта Шанкардың ежелгі үнділік ұлы дін оқуы жазбаларын түсіндіруінен кейін пайда болды) [6]. Бұл жүйе ежелгі сопылық ұстаздардың дәстүрлерімен жүрген Газали, Ибн аль-Араби мен Руми қарастырған сан сауалды қозғайды. Канта философиясы Ведантаны сопылық философиялық бағыт ықпалының салдары деп еске түсіреді. Рамануджи, Анады Тиртхи және Басавилер ықпалымен көптеген секталар құрылды. Иудаизмде бұған ұқсас жағдайлар көптен бері кездескен емес». Бір ғана жағдай зерттеушілердің индуистік мистикалық ағымның көне заманнан келе жатқаны туралы мақұлдауды тексерулеріне кедергі болды. Бұл оқырманға оғаш болып көрінуі мүмкін, әйтсе де тұңғыш индуистік діни шығармалар тек шетелде XVIII–XIX ғасырларда сэр Вильям Джонс секілді ағылшын ғалымының табанды тілегінен кейін жазып алынған [5, 235 б].

Алғашқы үнділік сопылар ғажайып әдебиеттік белсенділікті көрсетіп берген. Алайда мистиктер интеллектуалды ақылгөйлік пен жазушылыққа деген жиіркенушілігін жиі көрсетсе де, олардың көбісі өздерінің білімдерін кітаптарда және трактаттарда түсіріп алуға ат салысқан. Үндістанда малфузат (рухани ұстаздардың сөз пікірлерін жинау) деп аталатын ерекше әдебиетті жанр атаққа ие болды. Былайша айтқанда, онда үнділік өнертабыс болмаған, сопылық бойынша классикалық оқу құралдар, негізінен, ұстаздардың шағын афоризмдері мен сентенцияларынан тұрады. Алайда үнділік

сопылар өздерінің ұстаздарының пікірлерін күндегісін күнде жазып алатын, Халик Ахмад Низамидің айтуынша, осы «күнделіктер» біз үшін сарайдан тыс ортаның өмірі туралы бағалы деректемелер көзі болып табылады. Олар ресми авторлар назар аудармай кеткен әлеуметтік және мәдени мәселелерді күтпеген жерден көрсете тұра, тарихтың ресми мәліметтерін дұрыстауға мүмкіндік береді.

Көне сопылықтың идеологтары фақрлардың кедейлігін уағыздап, бөтен біреудің еңбегін пайдаланумен келген «әділетсіз кірістер» арқылы өмір сүретіндерді кінәраттаған. Кейбір зерттеушілердің айтуынша, мұсылман мистицизм атауының өзі «соп» – қатқыл ақ жүнді матадан жасалған жамылғы дегенді білдіреді, ол дүниенің байлығы мен игіліктеріне деген жеккөрушілікті көрсетеді.

Үндістанда кең тараған сопылық – ортағасырлық шығыстың діни-философиялық және қоғамдық ойларының күрделі құбылысы. Ислам негізінде пайда болып, шииттік «дінбұзарлықпен» шырмалай отырып, неоплатонизм философиясының, одан соң христиандық-мистицизмнің, сондай-ақ әртүрлі көне ирандық діншілдіктің (манихейств, зороастризм және т.б.) күшті әсерімен дамыды. Плотиннің (204–270) артынан сопылар материалдық дүниені сезімнен тыс дүниенің, яғни құдайлықтың көз көрерлік көлеңкесі ретінде қарастырды және осы елестен, яғни өмірден кетуі адамды құдайшылдыққа жетуге, онымен бірігуге алып келе алатынын оқытқан. Жеке бес жанын жою арқылы қол жеткізетін бірігуде адамзат болмысының жалғыз шындығы мен жалғыз мақсаты бар. «Жасалған заттардың бар болуы жаратушының бар екендігін көрсетеді, барлығы құдайшыл байыптан шығады, ең соңында, барлығы қайтадан соған оралады», – деп көрнекті теоретик сопы Ибн әл-Араби (XIII ж.) жазған [1, 161 б.]. Сопылардың айтуынша, әр жеке адам өз бас пайдасынан бас тарту, сырттай қараушы және сопылық өмір жолдары арқылы Құдаймен сөйлесе алады, әрине, бұл рухани ұстаз – шайкының көмегімен жүзеге асырылады.

Әдебиеттік әрекетінің басқа түрі эпостық болды; хаттар, негізінен, жеке сипатқа ие болған, алайда жан-жаққа таратуға арналған хаттар да болды. Мұсылмандық Үндістанның сопыларының хаттарын жинау XIII ғасырдың басында басталып, сол заман туралы және

мистикалық қозғалыстар туралы біздің мәліметтеріміздің маңызды көзін құрайды, кейбір жағдайларда ол саяхаттар маңызды рөл алған. Сопылық ойлар өзімен поэзияның барлық салаларын да сіңіртті, тіпті, сарайдағы ақындардың өзі мистикалық биіктіктерге жеткен. Мысал ретінде, Джамали Канбуды айтсақ болады, ол Искандара Лодтың сарайдағы ақыны, оның Пайғамбарға арналған атакты тақпақ шумақтарын жоғарыда айтып кеткенбіз.

Кейбір сопылық ағымдар біршама уақыт бойы осы ойлар дұрыс деп санап, белгілі бір көлемде ортодоксты исламға қарсы болған. Олар халық көпшілігінің мүдделерін қорғап, халықтық, әсіресе қалалық қозғалыстардың идеологиялық негізі болып тұрған. Алайда XI–XII ғғ. сопылық мектептердің көп бөлігі ресми қабылданған ислам түрлеріне қарсылық көрсетпеген. Оған діни адамдар мен феодал ақсүйектердің өкілдері үшін сопылықты жасаған араб философы Әл-Газалидің (1059–1111) сопылық ілімінің түсіндірмесі біршама көлемде көмектесті [2, 42–43 б.]. Кедейліктің және түрлі белсенді әрекеттерден бас тартудың уағызы біртіндеп бағыныш пен қарсылық емес уағызға айнала бастады. Сопылар кедейлікке көнуді қаламау, өзінің өмірін өзгертуге талпыну еш нәтижеге алып келмей, адам намысын түсіру мен жоғалтуға алып келеді деп оқытты.

Орта ғасырда үнді әдебиетінде сопылық ілім бүкіл Солтүстік Үндістанға тарап, жергілікті тілдер мен диалектілерде жазған оншақты жазушылар пайда болды. Үндістанда сопылықты алғашқы уағыздаушылардың қатарында Дата Гандж Бахш болған, ол Лахорға Газни Масуд (1030–1040) әмірінің әскерлерімен бірге келген. Алайда XII–XIII ғғ. осы жерде бірнеше ордендер өздерінің әрекеттерін өркендеткен кезде, мұсылмандық мистицизм күшейіп кіре бастады. Ала-уд-дина Хилджи (XIII ғ. аяғы – XIV ғ. басы) басқарған кезде, Үндістанға келген мысырлық теолог Шамс-уд-дин Турк жергілікті мұсылмандардың пайғамбардың өсиеттеріне бейтараптылықпен қарауына ашуланды. Ол сұлтанға жазған хатында дін жұмыстарын жақтырмағаны үшін, діни адамдардың арасында гректік философияға талпынушылардың саны өсіп келе жатқаны үшін сұлтанды кінәлап жазған. Соңғысы, сопылықтың философиялық негіздерінің бірі болғаны белгілі.

Үндістан жерінде сол кезде бауырластықтар пайда бола бастады. Сопылық ағымдарда өздерінің ұйымдары болған, яғни диуана ордендері, немесе ағайындықтар – силсила (әріп бойынша, «бұғау, қатар, әулет, жүйе»), олардың басында мұрагер шайқылар отырған. Басқа жағдайларда, өздерінің мұрагерлері ретінде өздерінің оқушыларын және сыбайлас адамдарын отырғызған. Үнділік тарихшы Әбу-л Фазл Аллами осы ағайындықтарды «хандан», яғни отбасы деп атайды. Көп жағдайда, бауырластықтар бөлініп, бұтақтанған, нәтижесінде жаңа рухани жетекшісі бар дербес бауырластықтар пайда болып отырған.

Шайқылар, негізінен, ханакаларда (шіркеулер) тұрған, оларды сол бауырластықтың қалаушысын жерлеген жерлерде, мешіттерде және т.б. жерлерде салады. Сол жерлерде ізбасарлардың (муридтер) бір бөлігі тұрды, оларды факирлар немесе диуаналар деп атаған. Қалған муридтер өздерінің отбасыларымен бірге тұрып, күнделікті жұмыстарымен айналыса алатын.

Абу-л Фазл Аллами XVI ғ. – XVII ғ. басына жатқызылатын атақты «Аин-и Акбариде» 14 бауырластық атап шығады: хабибия, тайфурийа, кархийа, сакатийа, джунайдийа, казрунийа, тусийа, фирдоусийа, сухравардийа, зайдийа, йадийа, адхамийа, хубаирийа, чиштиа. Солардың кейбіреулерінде өздерінің бұтақтары бар. Сөйтіп, кадирийадан бинаве ордені пайда болса, сухравардийадан джалали, накшбандийадан пурбахши және тағы басқа секілді бауырластықтар пайда болды.

Заңды деп аталатын бауырластықтар (башар) басқа заңсыз бауырластық (би-шар) де болған – каландарийа, маулаи, дафалийа, алифшахйеа және т.б. Олар бейшара ағайындықтар болған, қайыр тілеп өмір сүрген.

Ең атақтылары чиштиа, сухравардийа, накшбандийа, кадирийа және шаттарийа болды.

Чиштиа бауырластығы тұрғызған Ходжа Әбу Әбдал Чишти (966 ж. қайтыс болды) XII ғ. Үндістанда өзінің ісін бастады, бұл кездері көпжылдық жиһанкездіктен Гура әміршісінің әскерлерімен бірге сол жерге Ходжа Муин-уд-дин Систани келген. Ол ең басында Делиге көшіп келді, содан соң Аджмпрға көшіп барады, сол жерде 1236 ж. 94 жасында дүниеден қайтады. Оның мұрагерлері мыналар болған: Ходжа Кутб-уд-дин Бахтиар Каки (1236 ж.

қайтыс болды), Фарид-уд-дин Ганджшакар (1205 ж. қайтыс болды), Ни-зам-уд-дин Әулия (1325 ж. қайтыс болды), Насир-уд-дин Мухаммад Чираг-и Дели (1356 ж. қайтыс болды) және т.б. Көпшілік халқының арасында өзінің демократиялық дәстүрлерімен белгілі чиштиа ордені баршаға атақты болған. Чиштианың алғашқы шайқы Ходжа Муин-уд-динде ізбасарлардың саны көп болғандығы соншалық, Чаухан әулетінен шыққан раджпурлық басшы III Притхвираджаның өзі және оның сарайдағы адамдары шайқының әрекеттеріне наразылық білдірсе де, оны астанадан қуып жібере алмады. Осы орденнің басшылары ешқандай лауазымға ие болмаған және сұлтандық сарайға бармайтын. Шамс-уд-дин Илтутмыштың Кутб-уд-дин Бахтиар Какиге сыйлаған жер үлесінен бас тартады, себебі оның ағайындығының шайқылары сондай сыйларды алмайтын. Сұлтанмен сыйға тартылған төрт ауылдан Фарид-уд-дин бас тартады, себебі ол «ауылдары бар диуана» деген атқа ие болғысы келмеген [7, 268].

Үндістандағы сухравардийа бауырластығының бірінші шайқысы Мултандағы Беха-уд-дин Захариз (1266 ж. қайтыс болды) болды. Оның мұрагерлерін – орденнің мұрагер басшыларын Синдта, Пенджабта, ал XIV ғасырдың соңында Гуджаратта құрметтеген. XIV ғасырдың аяғында Гуджараттық сұлтанатта Танк әулеті билікте отырған кезде, сухравардийаның феодалдармен байланысы күшейе түседі. Махдум-и Джуханиан шайқының бұрынғы ізбасары болған Музаффар-шах I Мултаннан сарайға орденнің мүшелерін шақырып, жер үлестерін сыйға тартты; шайқының немересі Сайи-д Бурхан-уд-дин Кутб-и Аламға (1453 ж. қайтыс болды) ерекше мейірбандық көрсеткен. Оның алғашқы тұратын жері Асвал болды, содан кейін Батва ауылы, сондықтан Кутб-и Аламның мұрагерлері Батвадағы сайидтар ретінде белгілі.

XV ғасырдан бастап сухравардийаның шайқы-сайидтары Гуджаратта сарайдағы қастықтар пен феодалдар айғайлардың күрестеріне қатысып отырған. Пенджабта олар өздерінің әскери-феодалдық ақсүйектерден шыққан қарсыластарының билікке деген құқығына қарсы шығып, өздері ақсүйектер билігіне ұмтылған.

Шамамен осы уақыттан бастап, Үндістанда сопылардың дін таратушылық әрекеттері әлсіздене бастады, алайда олардың әрекеттері кейінгі уақыттарда да жалғаса берді. Соны-

мен қатар барлық бауырластықтардың, соның ішінде чиштиһа және қоғамның бай манаптары арасындағы байланыстар күшейе бастады, сопылық ағайындықтардың феодализациялауы және олардың халық ортасынан бөлінуі байқала бастады. Бірақ та сопылық түсініктер сауда өнері мен шаруалық қарсылықтарының идеологиясына әлі де әсер етіп отырған.

Абдаллах Шаттари Малваға тек XV ғасырда ғана келді, оның есімімен шаттарийа бауырластығы аталған. 1482 ж. Үш (Синд) қаласында сайид Мухаммад Гауе тұрақтанды, ол үнділік кадирийалардың (олардың бауырластығы Бағдадта XII ғ. бастап істеді) жетекшісі болды.

XVI ғасырдың аяғы – XVII ғасырдың бірінші жарты жылдығында накшбандийа бауырластығының мүшелері өздерінің уағыздарын оқи бастады, ол Бухарада XIV ғасырда Ходжа Бехауд-дин Накшбандимен құрылды.

Үндістанда сопылық бауырластықтардың әртүрлі әлеуметтік топтарда өздерінің жақтаушылары болды. Әмир Хурда (XIV ғ.) агиографиялық шығармасында Низам-уддин Аулийа (Әмір Хосроу мен тарихшы Барани оның ізбасары болған) оның мүриді болғысы келетіндерге есігін кең ашып беріп отырған, «беделді мен қарапайымдарға, бай мен кедейлерге, малик пен бейшараларға, студенттер мен надандарға, қалада тұратындар мен ауылда тұратындарға, әскери адамдар мен азаматтарға, еріктілер мен құлдарға» [3,33]. Кастаның қатал жүйесінің құқықсыздығына көнген және балағаттауына шыдап жүрген үнділіктер үшін ерекше тартымды күші «әлеуметтік жағдайы мен шығу тегінен тәуелсіз адамдар арасындағы махаббат пен ағайындық» деген сопылық ойлар болған.

Үндістандағы сопылар мұсылмандық діни қауымның уағыздаушылары сияқты өзінің ілімі көпшілік халыққа түсінікті болу үшін хинди, панджаб, гуджарат, синдхи және басқа тілдерді қолданған, үнділік діни-философиялық жүйелерді және елдің бай дастандарын оқып, үнділіктерге жақын болатын жергілікті ауыз әдебиетке көңіл көп бөлген. Бір уақытта үнді тілдеріне араб және парсы тілінде жазылған әдебиеттердің бірнеше туындыларын аударған.

Халықта сопылардың мистикалық теософиясының, яғни жетістігін адам сүюшілік, жақсылық жасау және байлықты мойындамау секілді, олардың идеалдары анықтаған.

XIV ғасырдың екінші жартысындағы олардың көрнекті қайраткері Шараф-уд-дин Яхья Манери өзінің діни-этикалық және дидактикалық мазмұндағы шығармаларының бірінде патшаларға «өзінің халқыңды жақсы тамақтандыру, оларды киіндіру, жұбанусыз адамдарды жұбату, мұқтажы бар адамдарға көмек беру» деген «қасиетті» сөздерді айтады. Қарапайым адамдар арасынан айтылған өз-өзінен бас тарту деген пессимистік уағызды табуға болады, ол үнділіктердің діни-этикалық түсініктерімен ұқсас нәрсе.

XIII–XIV ғғ. билеуші топқа жақын тұрған ордендер: хайдарийа, оның өкілдері сұлтанның оңаша кеңесу жиналыстарына қатысып отырған және сухравардийа. Соңғысының басшысы Беха-уд-дин Захарианы «қарапайым адамдарда жұмысы жоқ» деп санайтын [4, 79]. Оның Мултандағы ханакасына тек таңдаулы адамдар бара алатын және шайқы шайқымен сөйлескісі келетін адамдардың бәріне қол жетерлік болған жоқ.

Солтүстік Үндістанның хинди әдебиетінің дамуының ерте ортағасыр кезеңіндегі қарқынды тарихында Темірланның 1398 жылғы Делиді босату мен өртеуі басты оқиғалардың бірі болды. Бұл басқыншылықтың нәтижесінде, бас қаладағы барлық парсы ғалымдары кейінірек мәдени орталыққа айналған Джаунпур қаласына қашып кетеді. Қаланың әйгілі болғаны соншалықты, тіпті, ол Хафиз өмір сүрген Парсы қаласының атымен «Шираза Хинд» деп аталып кетеді.

XI ғасырда Үндістан субконтинентінде сопылық әдебиеттің пайда болуы Таяу Шығыс пен Орта Шығыстың кең территориясында әдебиет дамуының жалпы тарихи процесінде маңызды оқиға болды. Осы жерлерде әрдайым мәдениет ағындары алмасып, түрлі халықтың рухани әдет-ғұрыптарының ғажап мәдениеттілік қоспасын байытып, тудырып отырған.

Үндістандағы постмоңғолдық сопылық тарихы географиялық аумағының кеңеюімен сипатталады. Ілімді насихаттау үшін үнді даласына сопылық эимссарлар келе бастады, скеттер, мұсылмандық терең білімі бар такуа адамдар мен көрнекті ислам теологтары елелді аралап, сопылық қауымның көбеюіне және олардың қоғамның түрлі топтарына әсер етуіне ықпалын тигізді. Нәтижесінде Үндістан

ХІІ-ХІІІ ғғ. шетелдегі сопылық идеологияның маңызды орталығына айналып, сопылық идеялар басқа елдерге тарады.

Үндістанда бет алған сопылық ілімнің негізгі ұстанымы Құдайдың абсолюттік болмысын (вахдат ал-вуджуд) мойындау болып табылады. Оған барар жол көкте де, жерде де емес, жер бетіндегі барлық өлшемде де емес, жұмақта да емес, тозақта да емес. Сопылық идеясы мұсылмандар әлемінің бәріне бірдей тарап,

Үндістанға жеткенде ол тамырын кеңге жайды. Бұл түрлі мистикалық ұғымның үнділік сопылық сарынның өз ілімін кеңінен насихаттауының нәтижесінде жүзеге асты.

Үндістанда үнді-буддалық мистикалық тәлім-дәстүрлердің кең таралуына қарамастан араб-парсы ақын-жазушыларының исламдық мистикаға терең көңіл аударуы индуистік танымды ығыстырып, үнді даласында сопылықтың кеңінен таралуына септігін тигізді.

### Әдебиеттер

- 1 Массэ А., Ислам. – М., 1962.
- 2 Бертельс Е.Э. Суфизм и суфийская литература. – М.
- 3 Habib M. Hazrat Amir Khusrau of Delhi. – Bombay, 1927.
- 4 Nizami Kh.A. The life of Shaikh Farid-ud-din Ganj-i-Shakar. – Aligarh, 1955.
- 5 Пиготт С. Доисторическая Индия. – Лондон, 1961.
- 6 [http://www.ayurtour.ru/info/mat\\_1191.html](http://www.ayurtour.ru/info/mat_1191.html)
- 7 Шimmel А. Мир исламского мистицизма. – М., 2000. – 414 с.

### References

- 1 Masse A. Islam. – M., 1962.
- 2 Bertels E.E. Sufism I sufiiskaya literature. – M.
- 3 Habib M. Hazrat Amir Khusrau of Delhi. – Bombay, 1927.
- 4 Nizami Kh.A. The life of Shaikh Farid-ud-din Ganj-i-Shakar. – Aligarh, 1955.
- 5 Pigott S. Doistoricheskaya india. – London, 1961.
- 6 [http://www.ayurtour.ru/info/mat\\_1191.html](http://www.ayurtour.ru/info/mat_1191.html)
- 7 Shimmel A. Mir islamskogo mistysisma. – M., 2000. – 414 s.